

СӨЖ.

Грамматикалық тақырып: Сан есім және оның түрлері.

САН ЕСІМ

Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп қанша? неше? нешеу? нешінші? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табын сан есім дейді.

Сан есімдер құрамына қарай дара сан есім және құрделі сан есім болып екіге бөлінеді. Бір түбірден құралған негізгі және туынды сан есімдер дара сан есімдер деп аталады. Мысалы: он, екі, бес, жұз, ондаған, сегізінші, жетеу т.б. екі немесе одан да көп түбірдің тіркесінен не қосарлануынан жасалған сан есімдер құрделі сан есім деп аталады. Мысалы: екі жұз, елу алты, жұз жиырма бір, екі – екіден, үш – төрт т.б. сөздердің қосарлануы арқылы жасалған құрделі сан есімдер дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: қырық – елу, жетпіс – сексендей, он – оннан т.б.

Сан есімнің мағыналық түрлері: Сан есімдер мағынасына қарай алты түрге бөлінеді: есептік сан есім, реттік сан есім, реттік сан есім, жинақтық сан есім, бөлшектік сан есім, топтау сан есім және болжалды сан есім.

1. Есептік сан есім: Есептік сан есім заттың нақтылы санын білдіріп, қанша? неше? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: алты, төрт, алпыс төрт және т.б. есептік сан есімдер дара да, құрделі де болып, сан есімнің басқа түрлерін жасауға негіз болады.

2. Реттік сан есім: Реттік сан есім заттың санау өткіншілікке білдіріп, қаншасыншы? нешінші? деген сұраққа жауап береді. Реттік сан есімдер есептік сан есімдерге дауысты дыбысқа бітсе -иши, -иши, дауыссызға аяқталса -ыши, -иши, жүрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: екінші, төртінші, үшінші, алтыншы және т.б.

3. Жинақтық сан есім: Жинақтық сан есім заттың жинақталған санын білдіріп, нешеу деген сұраққа жауап береді. Жинақтық сан есім бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге -ay, -ey жүрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу. Дауысты дыбысқа бітетін екі, алты, жеті деген есептік сан есімдерге -ay, -ey жүрнағы жалғанғанда, түбірдің соңындағы -ы, -и дауысты дыбыстар түсіріліп қолданылады. Мысалы: екі -ey, -екеу, алты -ay -алтау.

4. Болжалдық сан есім: Болжалдық сан есімдер заттың санын білдірмей, шамамен болжалдаң көрсетеді де, қанша? неше? қай шамалы? қаншадан? сияқты сұрақтарға жауап береді. Болжалдық сан есім бірнеше жолмен жасалады:

А) Есептік сан есімдерге -лаған, (-леген), -даған(-деген), -таған(-теген), -лап(-леп), -дап(-деп), -тап(-теп), -дай(-дей), -тай(-тей) жүрнақтары арқылы жасалады. Мысалы: мындаған, жүздей, қырықтай, елудей және т.б.

Ә) Есептік сан есімдерге әуелі көптік жалғауы, оның үстіне жатыс септік жалғау жалғауы арқылы жасалады. Мысалы: (жасы) қырықтарда, (сағат) жетідерде т.б.

Б) Есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалады. Мысалы: он – он бес, жетпіс – сексен, қырық – елудей, қырық – қырық қырықтарда және т.б.

В) Есептік сан есімдерге шамалы, шақты, қаралы, таман, тарта, жуық, жақын сияқты сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: қырыққа жуық, елу шақты, отызға тарта және т.б.

5. Топтау сан есім: Топтау сан есімдер заттың санын жекелеп емес, топтау көрсетеді де нешеден? қаншадан? деген сұрақтарға жауап береді. Топтау сан есімдер дара сан есімдер мен қосарланған сан есімдерге шығыс септік жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: бестен, отыздан, жетпіс – сексеннен, алты – алтыдан және т.б. Сөйтіп, топтау сан есімдер дара түрде де (бестен, оннан т.б.), құрделі түрде де (жиырма бестен, жұз елуден т.б.), қосарланған түрде де (екі – екіден, он – он бестен) т.б. қолданылады.

6. Бөлшектік сан есім: Бөлшектік сан есімдер заттың бөлшектік санын білдіреді. Бөлшектік сан есімдер жай бөлшек және ондық бөлшек болып екіге бөлінеді. Жай бөлшек сандар екі есептік сан есімнің бөлімі шығыс немесе ілік септікте, алымы тәуелдік тұлғада

жұмсалады. Мысалы: үштен бірін (1/3) , ал, бестен бірі (1/5) т.б. Сол сияқты бөлшектік сан есімдер есептік сан есімге жарты, жарым, үш ширек т.б. Ондық бөлшектік сан есім бөлімі ондық, жүздік, мындық сияқты болып жасалады. Мысалы: төрт бүтін екі ондық (4, 2), алты бүтін төрт жүздік (6, 04), он бүтін жүз елу бір мындық (10,151) т.б.

1-жаттығу. Берілген сан есімдерді реттік сан есіміне айналдырып жазыңыз.

Екі, бес, алты, тоғыз, қырық төрт, жетпіс бес, мың, жүз.

2-жаттығу. Берілген сан есімдерді жинақтау сан есіміне айналдырыныз.

Төрт, екі, алты, үш, бір, бес, жеті.

3-жаттығу. Берілген сан есімдерге болжалдық сан есімнің қосымшасын жалғаңыз.

Алпыс алты, он, он екі, сегіз, алты, мың, жүз.

4-жаттығу. Берілген сан есімдерге топтау сан есімнің қосымшасын жалғаңыз.

Бес, алты, жеті, бір, екі, үш, мың, төрт.

5-жаттығу. Берілген сан есімдердің жасалу жолын және сан есімнің қай түріне жататынын анықтаңыз.

Үштен бір, алтыдан екі, екі жарым, екі бүтін оннан бес, бір жарым, төрт бүтін жүзден жиырма екі.

6-жаттығу. Берілген сөйлемдерді аударып, сан есімнің түрін анықтаңыз.

1.Ученики сидят за партой по двое. 2.Они на урок берут по четыре тетради в клетку, по три тетради в линейку. 3.Из них одну третью часть составляют 2-х комнатные квартиры. 4.В нашем доме приблизительно сорок-пятьдесят квартир(есть). 5.На нашей фирме работают около ста человек. 6.Из кинотеатра люди выходят по пять, по десять(человек).

7-жаттығу. Берілген сан есімдерді қазақ тіліне аударыңыз.

А) 1.Без пяти девять. 2.Три минуты четвертого. 3.Четыре часа. 4.Без двадцати пяти шесть. 5.Без двух минут пять. 6.Двадцать минут шестого. 7.Пять минут двенадцатого. 8.Половина шестого.

В) 1.Который час? – Без пяти минут четыре. 2.Ты когда пойдешь к врачу? – В два часа. 3.Скажите пожалуйста который час? – Половина восьмого. 4.Завтра какое число? – Завтра двадцать пятое октября. 5.Давай встретимся в университете 9 часов. – Нет, давай встретимся без пятнадцати 9 или в половине девятого в университете. 6.Скажите пожалуйста который час? – Десять минут третьего. 7.Половина восьмого надо идти в университет.

8-жаттығу. Жолдастызызбен сөйлесіңіз.

- Жиырма алтыншы қантар күні, менің туған күнім! Сағат алтыда үйге қонаққа кел.
-
- Жарайды, жетіге таяу келсөң кел!
-
- Күтемін, кешікпей кел!